

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

6 – СЕКЦИЯ

ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

TOPICAL ISSUES IN PHILOLOGY

6.1 Ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері мен даму бағыттары

Новые тенденции и направления развития национального литературоведения

New trends and directions in the development of national literary studies

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ САКРАЛДЫ ҰҒЫМДАР

Абдулла Айтұмар Кенжеханқызы

abdullaaitu@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD Ж.Карипбаев

Адамзат санасында таңбаланған ерекше ұғымдардың бірегейі – кие, киелілік. Күллі адамзаттық танымда бұл түсініктің орны ерекше. Өмірлік ұстаным, күнделікті тұрмыс-тіршілік белгілі бір заңдылықтарға бағындырылып, жүйемен реттелетіні белгілі. Мұндай жүйе әу баста адам баласын қоршаған кеңістіктің тылсым сырына негізделіп қалыптасқаны ақиқат, яғни «кие» ұғымы – көне дәуірден, мифологиялық ойлау дәуірінен бастау алған, кейіннен діннің өзегіне айналған архаикалық ойлаудың жемісі. «Кие», «киелілік», «мистика», «сакралдылық» ұғымдары тылсым дүние сырын түсінуге ұмтылған адамзат санасының тұрақты бөлігі болып саналады. Дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды (киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін киелі деп санап, оларға сиыну үрдістері болған [1]. Ғылымда дүниені танудың бір құралы ретінде қарастырылатын «кие» әдебиетімізде тұрақты мотивтер мен бейнелеулерді туындатты. Соның бір бөлігі халқымыздың ұлы ақыны, хакім Абай шығармаларынан да көрініс тапты.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ әдебиеті мен руханиятында ерекше орын алатын мәдени мұра. Оның шығармашылығында киелі (сакралды) ұғымдар терең философиялық, діни және рухани мазмұнға ие. Абайдың философиялық көзқарастары мен өмірге деген танымы оның өлеңдерінде, қара сөздерінде және бүкіл шығармашылық мұрасында көрініс табады. Ақын өз туындыларында «Жаратушы», «кемел адам», «адам», «жүрек» және басқа да сакралды ұғымдар арқылы адамзаттың рухани болмысын және моральдық дамуын бейнелейді.

«Жаратушы» ұғымы. Абайдың шығармашылығында Жаратушы, яғни Алла ұғымы ерекше мәнге ие. Ол Алланы барлық болмыстың қайнар көзі, әділдік пен мейірімнің иесі ретінде сипаттайды. Оның өлеңдерінде Аллаға сенім, тағдыр мен дүниенің сырын тану мәселелері жиі көтеріліп отырады. Абайдың Алла туралы түсінігі Құдайдың барлығын және бірлігін дәріптейді, бұл оның «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» сияқты өлеңдерінде айқын көрінеді. Мысалы, бірінші өлеңнің

*«Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа ah!
Барлығынша шүбәсіз,
Неге мәужүт ол қуа»*

деп келетін жолдарында ақын Жаратушының ақиқатын адамзаттың рухани жетілуі үшін жол көрсетуші ретінде суреттейді.

Ал «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» туындысында Абай жаратылыстың ақиқат мәнін тану және сол арқылы рухани жетілу мәселесіне көңіл бөледі. Оны өлеңнің бастапқы тармақтарынан ақ анық көре аламыз:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Көп кітап келді алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас»

Оның ойынша, адамзат Алланы тану арқылы өз болмысын толық түсіне алады.

Алла Тағаланың кескіні, мекені, түр-сипаты қасиетті кітапта мүлдем сипатталмайды. Абай поэзиясында Құраннан асып, қиялдап кету жоқ [2]. Ақынның Жаратушыны «ләмәкан» (араб тілінен аударғанда – мекенсіз) деуі де сондықтан:

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан

Түп иесін көксемей бола ма екен?

(Лай суға май бітпес қой өткенге)

Ал осы өлеңнің «Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды» деген жолы 38-қара сөзінде айтылатын «Ол – Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиын болады. Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» деген оймен ұштасып жатқанын көреміз. 38-қара сөзінде Абай адамзаттың Алланы тануы арқылы кемелдікке жететінін айтады. Ол Алланы тануды ақиқаттың көзі деп біледі және адамның рухани өмірін оның Жаратушымен байланысы арқылы толық түсінуге тырысады. Басқаша айтқанда, иман дегеніміз тек сенім ғана емес деп иманның алғашқы үш шартын еске салады, «сен иман келтірсең өзің үшін келтіресің, иман келтірмесең де Алла тағалада ешбір кемшілік жоқ. *Алла бізге мұқтаж емес, біз Аллаға мұқтажбыз.* Өзіңді Алланың құлы деп біліп, сол жолда жүр» [3] деген көзқарасты алға тартады.

«Кемел адам» ұғымы. Абайдың «кемел адам» концепциясы сопылық дәстүрдегі "инсан әл-камил" түсінігіне сәйкес келеді. Бұл идея ислам философиясында адамның рухани жетілуі мен құдайлық ақиқатқа жақындауын білдіреді. Исламдық дүниетанымда "кемел адам" – адам мен Жаратушы арасындағы байланысты толық сезінетін, рухани кемелдікке жеткен тұлға.

Абайға дейін «кемел адам» концепциясын Иасауи ұсынған болатын. Иасауи қоғамға қабылдатуды мақсат еткен идеал адам типі – кемел адам, яғни сопы, дәруіш. Қорқыт Ата дүниетанымы бойынша әрбір адам батыр, ер болуға ұмтылуы тиіс болса, Иасауиде барлық адам "кемел адам" болуға ұмтылуы керек. Осылайша ғұлама сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес, жүректе екендігін, адамдық мәннің сыры оның рухы арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылып көрсетті [4].

Абай да осы идеяны өзінің поэзиясында өрнектеп, "толық адам" тұжырымдамасын жасайды. Абай шығармаларында бұл концепция «Үш сүю» теориясымен тікелей байланысты:

- Алланы сүю;
- Адамзатты сүю;
- Ғылым мен әділетті сүю.

Бұл үш қасиеттің жиынтығы кемел адамның сипаттамасы болып табылады. Абай атаған талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін

ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түседі.

«Ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға ұмтылу, жасампаз болу ұғымын аңғартса керек. «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, Алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал «жылы жүрек» деген ұғым иманды болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу, айналаға шуақ шашу дегенді білдірсе керек. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толық адам деген мәртебеге ие боламыз.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» дейді хәкім Абай. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толық адам екен. Абайдың арманындағы толық адам дінмен дамып, дінмен жетіледі. Сонымен қатар сакралды ұғымдар әдетте уақыт пен кеңістіктің ерекше құрылымын жасайды. Абайдың кемел адам концепциясы да осы ерекшеліктерге ие: кемел адам – сакралды кеңістіктің субъектісі (ол дүниелік тіршіліктің шеңберінен шығып, рухани әлемге бағытталады); кемелдікке жету – сакралды уақыттың белесі, яғни адамның өмірлік сапары кемелдікке жету жолы ретінде сипатталады.

«Адам және оның болмысы». Абай шығармаларындағы тағы бір маңызды сакралды ұғым – «адам». Абай адамның болмысын, оның ішкі әлемін және Жаратушымен байланысын терең зерттейді. Абай үшін адам – әлемнің бір бөлігі, бірақ ол өзін-өзі жетілдіру арқылы бүкіл әлеммен үйлесімділік табуға ұмтылады. Оның шығармаларында адам баласы Жаратушының жаратылысының ажырамас бір бөлшегі ретінде қарастырылады.

Абайдың ойынша, адамның басты міндеті – өзінің адамдық қасиеттерін жоғалтпай, ішкі рухани тазалығын сақтап, қоғамға қызмет ету. Ол өзінің көптеген өлеңдері мен қара сөздерінде адамдық болмыстың мәнін ашуға тырысады, мысалы:

«Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы,

Боқтан сасық боласың өлсең тағы.

Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,

Білімсіздік белгісі — ол баяғы» дейді Абай.

Өлеңде «адам» және «боқтың қабы» тіркестері қатар қолданылған. Бұл метафоралық түрде адам өмірінің өткіншілігін, тәннің тозатынын, бірақ адамның рухани жағының мәңгілік екенін көрсетеді. Абай адам өмірін материалдық денемен шектемейді, керісінше, адамның рухани мәніне баса назар аударады.

Туындыдағы «адам» ұғымының сакралдық мәні – оның рухани, моральдық биіктігі, ішкі жан дүниесінің тазалығы. Адамның жаратылуындағы басты мақсат – Жаратушының алдындағы жауапкершілік дегенді меңзейді.

«Жүрек» ұғымы.

«Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас,

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

Жүректен қызу-қызба кете қалса,

Өзге тәннен еш қызық іс табылмас»

Абай үшін «жүрек» – тек қана физикалық орган емес, адамның ішкі дүниесінің, рухани әлемінің символы. Бұл жерде жүрек адамның адамгершілік қасиеттері мен сезімдерін, ар-ұятты, махаббатты, және рухани жетілуді білдіреді.

Абай жүректі ар-ұяттың, достық пен қастықтың негізі деп сипаттайды. Жүрек адамның ішкі сезімдері мен моральдық қасиеттерін қалыптастырады, ал ар мен ұят оның бақылаушысы болып табылады. Ар мен ұят – адамның рухани кемелдігінің белгісі. Бұл қасиеттер сынбаса, адам өзінің мәртебесін сақтайды, ал егер сынататын болса, адам құндылықтарын жоғалтады. Абай үшін жүрек тек сезім мен эмоцияның орталығы ғана емес, адамгершілік пен рухани биіктіктің қайнары.

Өлместің суы мен Қақпа. Абайдың «Ескендір» поэмасындағы киелі су (өлместің суы) үлкен сакралды мәнге ие. Бұл су Ескендір Зұлқарнайынның шексіз билік пен мәңгілік өмірге деген ұмтылысын бейнелейді:

*Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті.
Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Иісе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ.*

Абай поэмасында Ескендір шексіз билігін одан әрі күшейту үшін киелі суды іздеп, оны табуға талпынады. Бірақ киелі су оған оңайлықпен беріледі ме? Өлместің суы символ ретінде моральдық кемелденуді меңзейді. Абай бұл арқылы адамзаттың материалдық құндылықтар мен билікке шексіз ұмтылысы мағынасыз екенін көрсетеді. Өлместің суы шын мәнінде мәңгілік өмір емес, рухани мәңгілікке қол жеткізу жолы ретінде қарастырылады. Бұл суға қол жеткізе алмаған Ескендірдің әрекеті оның рухани шектеулілігін және ішкі байлықтан алыстығын көрсетеді. Оның мұндай осалдығын ақын ары қарай «қақпа» бейнесіндегі тосқауыл арқылы суреттейді.

Мұндағы қақпа – жай ғана физикалық тосқауыл емес, ол сакралды кеңістікке өтетін шекараның символы. Бұл бейне Жәннаттың (Пейіштің) немесе рухани кемелдікке апаратын құдайлық кеңістіктің көркемдік метафорасы ретінде берілген. Абайдың сипаттауында бұл қақпа қарапайым қамалдың есігі емес, ол – Алланың рақымымен ғана ашылатын қасиетті қақпа:

*Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл – құдайға бастайтын қақпа, – деді.*

Мұндағы «Құдайға бастайтын қақпа» тіркесі оның Жәннат есігі немесе рухани кемелдікке апаратын шекара екенін білдіреді. Ислам дәстүрінде Жәннат қақпалары тек әділетті, иманды жандар үшін ашылады. Ескендірдің оны ашуға күші жетпеуі оның рухани жетілмегендігін көрсетеді. Ескендір әлемді бағындырып, ешбір шектеу көрмеген билеуші еді. Бірақ бұл жолы ол өз күшінің дәрменсіз екенін сезінеді.

*Аша алмады қақпаны, үміт үзді,
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.*

Бұл деталь оның билігі мен әскерінің рухани әлемге әсер ете алмайтынын көрсетеді. Ислам және сопылық дүниетанымда адамның рухани кемелдікке жетуі үшін нәпсіқұмарлықтан арылуы керек. Ескендір де нәпсісінің құлы болғандықтан, қақпадан өте алмайды. Осылайша, Абай Жәннатқа жетудің жалғыз жолы – рухани тазару, иман мен әділеттілік екенін меңзейді.

Хакім Абайдың шығармашылығындағы сакралды ұғымдар оның рухани әлемінің байлығын және қазақ мәдениетінің киелі құндылықтарын көрсетеді. Ақын шығармашылығында материалдық және рухани әлемнің арақатынасы, адам болмысының кемелдікке жету жолдары, құдайлық хикмет пен әділеттілік мәселелері ерекше орын алады. Осылайша, Абай мұрасы адамзатты рухани кемелдікке жетелейтін символикалық кеңістік ретінде көрінеді. Оның мұрасындағы сакралды ұғымдар – тек әдеби-көркемдік құбылыс қана емес, сонымен бірге адам болмысын, дін мен дүниенің арақатынасын терең түсіндіретін философиялық жүйе. Сол себепті бұл жүйе бүгінгі заман оқырманы үшін де, келешек ұрпақ үшін де өзектілігін жоймақ емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РППК "Слон" DPS, 2012. – 736 б.
2. Кемелбаева, А. Түп иесін көксемей бола ма екен? : Абай поэзиясындағы дұға мен дерт // Абай. – 2008. – № 1. – 26-31 б.

3. Абдырақын Н. №38 қара сөзі негізінде абайтану // Абай әлемі <https://abaialemi.kz/ru/post/view?id=1762>
4. Бейсенбай, Қуаныш. Қ.А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы / Қуаныш Бейсенбай, Ж. Е. Нурматов. — Молодой ученый. — 2017. — № 7 (141). — С. Т.1. 7-9.

ӘОЖ 14.09

НӘЗИРА БЕРДАЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Алаудин Назгүл Әбілхайырқызы

alaudin.nazgul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., қауымд.проф. А.Үсен

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттену ғылымының аса маңызды мәселелерінің бірі – поэзиядағы фольклорлық үрдіс қарастырылады. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай қазақ поэзиясы тақырыптық, идеялық тұрғыдан жаңышылдыққа бет бұрды. Бұл ретте қазіргі қазақ поэзиясының белгілі өкілі Нәзира Бердалы өлеңдеріндегі идеялық, тақырыптық ерекшеліктер мен туындыларындағы фольклорлық сипат айтылады. Автор өз шығармаларында адам жанының сұлулығын, оның табиғатпен үйлесім табуын және ұлттың өзегі салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды сөз еткен.

Кілт сөздер: фольклор, салт-дәстүр, ырым, поэзия, ұлттық құндылық.

Аннотация. В статье рассматривается одна из важнейших проблем науки литературоведения – фольклорный процесс в поэзии. За годы независимости казахская поэзия обратилась к тематической, идейной новизне. При этом выражаются идейные, тематические особенности и фольклорный характер произведений известного представителя современной казахской поэзии Назеры Бердалы. В своих произведениях автор говорил о красоте человеческой души, о ее гармонии с природой и о традициях и духовных ценностях, лежащих в основе нации.

Ключевые слова: фольклор, традиции, суеверия, поэзия, национальная ценность.

Annotation. The article examines one of the most important problems of the science of literary criticism – the folklore process in poetry. Over the years of independence, Kazakh poetry has turned to thematic, ideological novelty. At the same time, the ideological, thematic features and folklore character of the works of the famous representative of modern Kazakh poetry Nazira Berdala are expressed. In his works, the author spoke about the beauty of the human soul, about its harmony with nature, and about the traditions and spiritual values that underlie the nation.

Keywords: folklore, traditions, superstitions, poetry, national value.

Халықтың рухани дамуы, поэзиядан алар әсері, оқырманның сезім иірімдерін қылып еткізіп қозғауы, әрбір жол, әрбір тармақтың жүректен орын алуында шығармашылық иесінің атқарар рөлі орасан. Әрбір жанрда өмір ақиқатының бейнелену дәрежесі де әр түрлі болып келеді. Нәзира Бердалы жырлаған жырлардың да тақырыбы, идеясы, көркемдік стилі, ондағы жанрлық ерекшеліктері әр алуан. Ақын шығармашылығы заманауи қазақ әдебиетіне және оның дамуына да елеулі үлес қосып жүр. Нәзираның өлеңдері терең сезім мен эмоционалдық мазмұнға ие. Ол мейлі табиғатты жырласын, мейлі махаббатты, адамгершілікті және ұлттық құндылықтарды жырласын оның арқасында терең сезім мен үлкен жауапкершілік тұрады.

Поэзияның негізгі ерекшелігі – суреттеу мен образдарды шебер пайдалану болса, дәл осы дүние ақын шығармашылығында айқын аңғарылады. Нәзира ақынның шығармаларында яғни